

воспитания. Сила народной педагогики в естественности, преемственности, духовности, коллективном и творческом характере, природосообразности. Она всегда способствует развитию у школьников таких черт характера, как трудолюбие, отвага и стойкость, патриотизм, а также требует уважения к человеку, честности, стремления словом и делом, своим личным примером утверждать нормы нравственности. В этом усматривается нравственная константа сформированной физической культуры личности школьника

Итак, культура здоровья и физическая культура школьника, по определению являясь социально значимыми феноменами, становятся заботой родителей, школы, широкого социума, окружающего каждого ученика. Школа во все времена представляла собой такую образовательную среду, где здоровье ребенка, его физическое и психическое состояние определяли и успехи в учебе, и в целом, гармонию интеллектуального и физического.

Воспитание духовно-нравственных качеств у детей средствами физической культуры в нашей школе построено по нескольким направлениям:

- знакомство с культурой и традициями своего народа, а также с культурой народов мира, через подвижные игры и интеллектуальные игры («Тогызкумалак», «Ассыки», «Русская лапта» и др.),
- олимпийское образование («НОУ», «ЗЕРДЕ»),
- патриотического воспитание через формирование у детей чувства сопричастности и сопереживания борьбе спортсменов родины на мировых аренах,
- формирование здорового образа жизни через занятия в различных спортивных секциях школы и города,
- формирование здорового соревновательного духа,
- закаливание, уроки физической культуры на свежем воздухе,
- воспитание коллективного духа по средству организации командно-групповой деятельности.

Духовное развитие ребёнка происходит постоянно оно не знает перерывов, каникул или выходных дней. В детстве все оставляет след. Еще Ушинский К.Д. (основоположник педагогики) обращал внимание взрослых на такой факт: «Если на веточке молодого дерева посадит птичка, ветка уже меняет направление своего роста; так и ребенок: очень немного нужно, чтобы он изменил направление своего духовно-нравственного развития». Поэтому задача семьи и школы помогать подрастающему поколению двигаться в нужном направлении.

Список литературы:

1. Абдильдин Ж.М. Время и культура. Размышления философа. – Алматы: Алаш, 2003
2. Картукова, С.А. Проблемы духовно-нравственного воспитания молодежи [Текст] / С.А. Картукова, А.Г. Картуков // Материалы 5-й Междунар. науч.-практ. конф. Интеграция науки и практики как механизм эффективного развития современного общества, г. Москва, 9-10 октября / Научн.-информ. издат. центр Институт стратегических исследований. – Москва: Изд-во Спецкнига, 2012. – С.200-205. ISBN 978-5-91891-199-0.
3. Кузнецова Л.В. Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта- Москва: Изд-во Спецкнига №4(29) 2013- С.82-83, ISSN 2070 47

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ-БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Төлєнова Г.Қ.
Айжанова А.Т.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Аннотация

Бұл мақалада білім беру саласындағы басты міндет – оқушы бойына рухани құндылық қалыптастыру маңыздылығы, тәрбие беру көздері жайлы айтылған.

Аннотация

В этой статье обсуждаются изменения в инновации и обновление контента в казахских школах, которые продолжаются по пути Ибрай Алтынсарин.

Abstract

In this article, the main task in the field of education is to tell the student about the importance of the formation of spiritual values and sources of education.

Түйінді сөздер: *рухани тәрбие, ұлт, құндылық, білім беру, қызмет, әдістеме.*

Ключевые слова: *духовное образование, нация, ценность, образование, служение, методология.*

Keywords: *spiritual education, nation, value, education, ministry, methodology.*

Ата – бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы көшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктің көрнісі. Адамзат баласының өз тіршілігінде көрген – білгенін, тоқып – түйгенін, қорытып келешек ұрпағына мирас етіп қалдырғаны - табиғи заңдылық. Адам бойында қалыптасқан имандылық қасиеттерді рухани құндылықтарға жатқызуымызға болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы - Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму жолын айқындайтын, стратегия. Президентіміз Тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір Қазақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.

«Мәңгілік Ел-жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ-Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деп ел басымыз нақты атап өтті.

Қазақылық дүниетанымның өзегі - адамшылдық. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесімен ізгілік қасиеттерін жасұрпақтың бойына сіңіру[1,13б.]. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу – алдымызда тұрған үлкен міндет. Ұлттық тәрбие дегеніміз – сана сезім мен сенім қалыптастыру[2, 22б]. Бүгінгі ұрпағымызды бірнеше ғасырлардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтары мен сусындату-біздің басты парызымыз.

Қазіргі қоғамда құндылықтардың алар орны ерекше.

Қазақ педагогикасында құндылықтың түрі мен маңызына, сыры мен сипатына алғаш философиялық мән беріп, оны жан-жақты талдай білген Абайдан асқан зор тұлғаны атау мүмкін емес. Абай – қазақ халқы үшін парасат биіктігінің ақыл-ой толықтығының, адамгершілік пен рухани байлықтың өлшемі. Абайдың қара сөздерінің жасұрпақ үшін маңызы зор.

Рухани тәрбиені биікке қойып, халықты өнер-білімге, адамгершілікке байлығын Абайдан кейінге заңғартұлға - Ыбырай.

Қазақ халқы үшін педагогикалық ойлардың дамуының бет бұрыстық сипаталып биікке көтерілу кезеңдерінің бірі XIX ғасырдың екінші жартысы деп есептеледі. Өйткені бұл кезеңде ағартушылық әрекетімен, қазақ қоғамының дамып ілгерленуіне үлес қосқан Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев өмір сүрген. Қазақ ағартушыларының алғашқы буын өкілдерінің жалпы ұлтымыздың қалыптасып дамуына сіңірген еңбегін, қосқан үлесінің маңыздылығын атай келіп, олардың ішін де педагогикаға тікелей қатысы бар, етене жақынырақ болған Ы.Алтынсарин екенін баса айту керек[2,246].

Ы.Алтынсариннің білім берудегі сіңірген еңбегі өз замандағы жаңа типті мектеп ашып, оқу-әдістемелік құралдар дайындау меншектелмейді. Сол істер астарында бүгіндері жүзеге асырылып жатқан ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік ізденістердің алғашқы қадамдары басталды.

Қазіргі педагогиканың дара бөліктері болып жіктеліп кеткен салаларына жүктелген міндеттерді Ы.Алтынсарин бір өзі заманының талабына сай шешуін тауып отырды. Берілетін білім мазмұнының құрамын айқындауға, баланы жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеуге, оны оқу-әдістемелік құралы мен қамтамасыз етуге назар аударып өз заманының талабына, мүмкіндігіне орай жүргізілген ізденістер нәтижесін өмірге енгізді. Ы.Алтынсарин бүгінгі ғылыми тіл мен айтқанда, қазақ даласындағы білім ордаларында білім беріп, оқытудың әдістемелік жүйесінің негізін қалады. Сондықтан бүгіндері Ы.Алтынсаринді мектептегі білім беруде жаңа алфавитті пайдалану, оның батыл түрде жасаған үлкен еңбегі. Оның ағартушылық, педагогтік көзқарасы негізінде, орыс педагогтарының ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне сүйеніп жүргізді. Халық педагогикасының адамгершілік, үлкенді сыйлауды, өнерге үйретеді, толықтырып дамытады. Туған елінің келешегіне зор сеніммен қарады. «Тастан сарай салғызған. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» алдыңғы қатарлы өнерлі елдердің ғылыми-техникалық табыстарын сөз етті. Ыбырай арман еткен білімді жастармен терең білім-қазіргі заман тірегі.

Елбасымызұсынып отырған қазіргі ғаламдық жаңартулар мен заманауи өзгерістер шеңберіндегі білім берудің мақсаты әлемдік сапа деңгейіндегі жаңа инновациялық білім кеңістігін құру және жас ұрпақты абсолюттік жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Қоғамдық қажеттілік пен тарихи кезең жүктеп отырған бұл мақсаттың жүзеге асырылуы білім алушылардың өзіндік ұлттық санасы, азаматтық айқындамасы, интеллектуалдық ой-өрісі, жауапкершілік сезімі, жалпы мәдениеті және шығармашылыққа білеттеріне байланысты екендігі сөзсіз[3, 42-436].

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланы тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында білім беру жүйесін жаңғыртудың бағыттары төмендегідей қарастырылған.

Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: білім беру мекемелерін оңтайландыру; оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру[4,36-376]. Ол үшін білім беру үдерісінде бала тұлғасының дене бітімі және зияткерлік аспектілерін ғана емес, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу қажет.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлері мен

келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт [4,386]. Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім педагогтарға өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кезкелген үлгімен, тіпті авторлық үлгі мен құруға мүмкіндік береді. В.Г.Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» [5,196] деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Біздің мақсатымыз – балаларымызды мүмкіндігінше жан-жақты тәрбиелеу. Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендер мен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Әрбір бала қандайда болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады. Атақты педагог Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрінде ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқада игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» [5,196], деп атап көрсеткен. Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Я.А.Коменский «Тәрбиені мойындамау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттік және бүкіл әлемнің құруы» деген болатын [4,166].

Мектепте оқылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мазмұнын мәңгілік жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұштастыру өз кезегінде пәнді оқытудың жаңа кезеңіне қадам жасап отыр. Бұл игі істің тарихи бастауы болашақтың еншісінде деп айтуымызға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов Б. Шығармашыл тұлға қалыптастыру. //Сыныптағы тәрбие. 2006. №1
2. Құрманбаева М. «Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу». Бастауыш мектеп, №1. – 2005 ж.
3. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. - Астана, 2009.
4. Утебаева А. «Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат». Бастауыш мектеп, №9.-2005ж.
5. Мұханбетжанова Ә. Тұлғаны дамыту-өзекті мәселе. //Қазақстан мектебі, 2005, №2